

## **Сарымолдаев ауылдық округінің Сарымолдаев ауылындағы кейбір құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Жамбыл облысы Меркі ауданы Сарымолдаев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 199 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 желтоқсанда № 31090 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 2 ақпандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Сарымолдаев ауылдық округінің Сарымолдаев ауылындағы келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- Автобазовская тұйық көшесін Ақжол көшесіне;
- Вишневый көшесін Шиелі көшесіне;
- Вишневый тұйық көшесін Ақбұлақ көшесіне;
- Восточная тұйық көшесін Жолашар көшесіне;
- Кутузов көшесін Алматы көшесіне;
- 40 жыл Қазақстан тұйық көшесін Арай көшесіне;
- Орловка көшесін Тұран көшесіне;
- Садовый 3-тұйық көшесін Бірлік көшесіне;
- Садовый 4-тұйық көшесін Атамұра көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарымолдаев ауылдық  
округінің әкімі*

*С. Бабижанов*